



Бекітемін
Мектеп директоры:
Б. Туркулов

№28 «Мақташы» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары

2022-2023 оқу жылы

к/с	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	Жауапты
1	1. 2021-2022 оқу жылының қорытынды есебі 2. «Мектепке жол акциямы» туралы 3. Мектебіміздегі оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы	тамыз	Қамқоршылық кеңес төрағасы Е. Үсенов Хатшы Е.Асанов
2	«Туған жерге тағзым» акциясының есебі	Желтоқсан,	Е. Асанов
3	1.Мектеп директорының 1- жартыжылдықта атқарған жұмысының есебін тыңдау	Қаңтар	Б. Туркулов мек. дир. Қамқоршылық кеңес төрағасы Е. Үсенов
4	1. «Қамқоршылық акциясының» өткізілуі 2. Наурыз мерекесінің ұйымдастырылуы 3. Көктемгі тазалық пен көгалдандыру туралы	наурыз	Қамқоршылық кеңес төрағасы Е. Үсенов Хатшы Е.Асанов
5	1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы 2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысының талдауы	мамыр	Қамқоршылық кеңес төрағасы Е. Үсенов Хатшы Е.Асанов

Дайындаған қамқоршылық кеңес хатшыс:

Е. Асанов

**№28 «Мақташы» жалпы орта білім беретін мектебі КММ қамқоршылық
кеңес жиналысының хаттамасы №7**

Өткізілген күні: 05.09.2022ж

Өтілетін орны: Мультимедия кабинеті

Қатысқандар саны: 10

Жиналыс төрағасы- Е. Үсенов

Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері – Ж.Түркебаева

Жиналыс хатшысы- Е.Асанов.

Күн тәртібі

**-№28 Мақташы жалпы орта мектеп директорының қамқоршылық
кеңес мүшелеріне 2022 жылғы есебі**

Тындалды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Б. Туркулов сез бастады. Мектепте 724 оқушы бар , МАД тобында 36 тәрбиеленуші бар.

1. Мектеп формасы туралы ережені әзірлеу және бекіту. Мектеп оқушылары тугел ата-аналардың келісімімен мектеп формасына көшкен. Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына мектеп формасын алуға мектепте ұйымдастырылған акциялардан түскен қаражат мектептің қамқоршылық кеңесінің келісімімен беріліп отырады. Бізде мұндай 49 отбасы балалары бар.

2. Ішкі тәртіп ережелерін, сабақ кестесін бекіту. Мектепте жылдың басында 382 бұйрық негізінде ішкі еңбек тәртіп ережесі жасалады. Бұл мектеп мұғалімдеріне таныстырылып қол қойылады, осы жасалған кестені қамқоршылық кеңесі мүшелеріне таныстырып бекіттіреміз. Мектептегі сабақ кестесі қамқоршылық кеңесінің мүшелері келісімімен бекітіледі.

3. Көп балалы және аз қамтылған отбасылардың проблемаларын шешу. Мектепте 49 әлеуметтік топтағы бала бар. Оның 35 баланың ата-анасының санына акша аударылды. АСП 14 балаға ата-ана санына акша аударылды. Мектептегі 49 балаға ыстық тамақ беріледі. Мектепте қайырымдылық акциясы өтіп отырады. Тақырыбы «Мектепке жол-шекарасыз жақсылық»

Оның аз қамтылған отбасы балаларына кеңсе заттары мен киім-кешек ұйымдастырылады. Ауыл тұрғыны отбасына Баймұратона Айгүл қайырымдылық қордан тек балаларына түгел аяқ киіммен мектеп формасы беріледі. Қайырымдылық қорынан түскен қаражаттар тек қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің келісімімен тарқатылады. Жазғы сауықтандыру мектепте маусым айында ұйымдастырылады. Оған үнемі 24 бала катысады. Балалардың тамағын қайырымдылық қорынан түскен қаражатқа қамқоршылық кеңесінің келісімімен береміз.

4. Оқушыларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау. Мектепте оқушыларды оқыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Оқушылар кабинет жүйесі бойынша оқиды. Балаларға арналған асхана, буфет 200 орындық жұмыс жасайды. Оқушыларға арналған спорт зал бар. Мектепте 9 үйірме жұмыс жасайды. Бұған оқушылардың 78% қамтылған. Сабақ беретін мұғалімдердің барлығы арнайы мамандар Арнайы қосымша сабақтар ұйымдастырылған. Спорт мектебінің мамандарымен келісе отырып, футбол және қыздар арасында волейбол секциясы жұмыс жасайды.

Қамқоршылық кеңестің қызметі мектептің дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстарды таратуға мүмкүндік береді. Жыл сайын Қамқоршылық кеңестің мүшелері «Мектепке жол», «Қамқорлық» акцияларын дайындау кезінде көмек көрсетеді, аз қамтылған және көп балалы отбасылар үшін қаражат бөлуге қатысады, тамақтандыру сапасын бақылауды ұйымдастыруға тікелей қатысады, бракераждық комиссияның мүшелері болып табылады.

Жарыс сөзге қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Үсенов берген есепті қанағаттанарлық деп есептейтіндігін айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

-Мектеп директорының 2022 жылығы берген есебі қанағаттанарлық деп табылсын.

Жиналыс төрағасы:



Е.Үсенов

Жиналыстың хатшысы:



Е.Асанов

Мектептің қамқоршылық кеңес мүшелеріне мектеп директоры

Б. Туркуловтың 2022 – 2023 оқу жылындағы

I жарты жылдыққа есебі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес бекітілген №28 «Мақташы» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық кеңестің төрағасы Үсенов Ерлан Баратұлы және қамқоршылық кеңестің құрамына есеп берілді.

Қамқоршылық кеңестің тікелей қатысуымен бірқатар мәселелерді шешу мүмкін болды:

1. мектеп формасы туралы ережені әзірлеу және бекіту;
2. ішкі тәртіп ережелерін, сабақ кестесін бекіту;
3. көп балалы және аз қамтылған отбасылардың проблемаларын шешу;
4. оқушыларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.
5. Қамқоршылық кеңестің қызметі мектептің дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстарды тартуға мүмкіндік береді.

Жыл сайын Қамқоршылық кеңестің мүшелері «Мектепке жол», «Қамқорлық» акцияларын дайындау кезінде көмек көрсетеді, аз қамтылған және көп балалы отбасылар үшін қаражат бөлуге қатысады, тамақтандыру сапасын бақылауды ұйымдастыруға тікелей қатысады, бракераждық комиссияның мүшелері болып табылады.

1. 2022 – 2023 оқу жылында 79 мұғалім, 33 сынып комплектісі, 2 МАД сыныбы және 724 оқушымен басталды. Жалпы сағат саны 1135 сағат, 1 – 4 сыныптарда 401,5 сағат, 5 – 9 сыныптарда 573,5 сағат, 10 – 11 сыныптарда 160 сағат, оның ішінде 1 – 11 сыныптардың инварианттық және вариативтік компоненттердегі өзгрістер мен таныстырылып оқуды бастадық. Штат саны: 44,0 құрады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар туралы №26 бұйрығын және Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 27.07.2022 жылғы №697 бұйрығын орындау мақатында мектептің 01.08.2022 жыл №110 бұйрығы мақсатында мектепшілік ұйымдастыру жұмыстарын мектеп директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Джолдасбекова мен М.Дүйсенов жүктеліп, мектеп формасы жолға қойылды.

2. 2022 – 2023 оқу жылында мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы 01.09.2022 жыл №131 бұйрығы негізінде Ішкі еңбек ережесін сақтау сонымен қатар өз жұмысына ойшыл шығармашылық және жауапкершілікпен қарау, жұмыстың сапасын қамтамасыз ету, жұмысқа жауапкершілікпен қарау, жұмыс уақытын тиімді пайдалану үшін мектептің ішкі тәртіп ережелері қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е. Үсенов, мектеп кәсіподақ төрайымы К.Жиенқұлова келісімдерімен төмендегідей бөлімдерде қамтылып, бекітілді.
 - мектеп әкімшілігінің негізгі міндеттері;
 - педагогтардың және қызметкерлердің негізгі міндеттері;
 - ата – аналардың негізгі міндеттері;
 - оқушылардың негізгі міндеттері қамтылды.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № Кр ДСМ - 76 бұйрығын негізге ала отырып, санитарлық эпидемиологиялық талаптарды орындау мақсатында, сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны ұзақтығы және реті көрсетіліп, білім алушылардың тамақтануымен белсенді демалуы үшін берілетін ұзақтығы жеткілікті үзілістер қарастырылды. Сыныптар кабинет жүйеде оқытылды.

I аусым мектеп 5 – 11, 4 г (ЕБС) сыныптар сабақтың басталу уақыты:

08:00м – 14:00 м

II аусым 1-4 сыныптар сабақтың басталу уақыты:

14:00м – 19:05 м

мектеп оқушыларына сабақ кестесі құрылып, басшылыққа алу директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Джолдасбекова мен Г.Есенбекова міндеттелді.

4. 2022 – 2023 оқу жылының тамыз айында мектептегі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жартылай жетім 13 (он үш) оқушыға мемлекет тарапынан жаңа оқу жылына киім – кешек алу үшін қаржылай көмек көрсетілді. Тамыз – қыркүйек айларында Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы, дәстүрлі «Қамқорлық» акциясын өткізу жоспарланды. аясында демеушілер тарапынан «Дәулет ата» мешіті 3 оқушыға 75 000 (жетпіс бес) мың тенге. «Илесбай» ата мешіті 5 оқушыға 25 000 (жиырма бес) мың тенге көлемінде көмек көрсетті.

1 (бір)тұл жетім балаға аудандық әкімшілік тарапынан 10-шы сынып оқушысы Тілес Дінмұханбетке сыйлық берілді. Денсаулығына байланысты жеке үйде оқытылатын 3 оқушыға демеушілер арқылы жаңа – жылдық сыныптар берілді. Мектепте 2022 – 2023 оқу жылының қыркүйек айынан бастап желтоқсан айының соңына дейін жартылай жетім, аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларынан 49 (қырық тоғыз) оқушыға мемлекет тарапынан асхана арқылы тегін ыстық тамақ берілді. Тегін ыстық тамақтың ас мәзіріне сәйкес сапалы берілуін бракераждық комиссия мүшелері апта сайын тексеріп анықатама жазылып отырды. Алдағы II жарты жылдықта қаңтар – ақпан айларында мектептегі көмекке мұқтаж отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында демеушілер арқылы дәстүрлі «Қамқорлық» акциясын өткізу жоспарлануда.

05.01.2023 оқу жылы

Мектеп директоры:



Б.Туркулов